

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 15 наурызында "БЖЗК" АҚ-да " Ашық есік күні " өтті

Бұл іс-шара дәстүрге айналды және халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында өткізілді. Бұл жолы басты күн тәртібіндегі мәселе "Зейнетақы заңнамасындағы жаңашылдық: ЖМЗЖ" тақырыбы болды.

Қазақстанның зейнетақы жүйесі бірнеше деңгейден және төлем көздерінен тұрады: мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ бөліктер, жинақтаушы бөлік – БЖЗК-ға міндетті және ерікті жарналар есебінен түседі.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жинақтаушы зейнетақы жүйесінің (ЖЗЖ) жаңа құрамдаушыын - жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен жүзеге асыратын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) кезең-кезеңімен енгізу басталды. Бұл зейнетақымен қамсыздандыру үшін жауапкершілікті мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында оңтайлы бөлуге мүмкіндік береді.

ЖМЗЖ енгізу тетігі "БЖЗК" АҚ ағымдағы жылдың 15 наурызында өткізген "Ашық есік күні" шарасының негізгі тақырыбына айналды. Іс-шараны ұйымдастырушылар қатысушыларға жаңа құрамдаушының мақсаты туралы айтып берді. Мысалы, бұл 1975 жылы және одан кейін туылған, 1998 жылға дейін жұмыс істемеген және бұдан былай ортақ зейнетақыны алмайтын қазақстандықтардың жаңа ұрпағын қолдауға бағытталған. Оларды зейнетақымен қамсыздандыру мемлекеттің базалық зейнетақысынан және жұмыс берушілердің жарналарынан қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан төленетін төлемдерден құралатын болады. Кездесуге қатысқан жұмыс берушілерге қызметкерлер үшін қосымша төлемнің бір мезетте емес, біртіндеп енгізілетіні де түсіндірілді: қызметкердің табысының бір жарым пайызынан 2028 жылға қарай 5 пайызға дейін. Бұл олардың жүктемесін азайту және бизнесті өз бюджетінен міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге дайындау үшін жасалған.

Сондай-ақ, кездесу барысында " БЖЗК "АҚ мамандары жаңашылдықты енгізу шарттарын түсіндіріп қана қоймай, жұмыс берушілерге ЖМЗЖ-ны қалай төлеу керектігін, ал азаматтарға оларды қалай бақылау керектігін айтып қана қоймай, қатысушылардың және БАҚ өкілдерінің Қазақстанның зейнетақы жүйесіне қатысты басқа да сұрақтарына тұщымды жауап берді.

"Ашық есік күні" шарасына қатысушылардың пікірінше, кездесу қызу пікірталас және жоғары ұйымдастырушылық деңгейінде өтті. "БЖЗК" АҚ мамандары өз кезегінде Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі өзгерістердің барлық мәселелерін түсінікті және қолжетімді түрде түсіндіріп берді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).